

Балқаш қаласы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 40/06 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40-бабы 2-тармағын басшылыққа алып, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі № 34/10 "Мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі тіркеу нөмірі № 3424, 2015 жылғы 14 қазандағы № 112 (12362) "Балқаш өңірі" және № 113 (1434) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Балқаш қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі (Б.С. Асылбеков) заңнамада белгіленген тәртіппен, осы қаулыдан туындайтын тиісті жұмысты жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Қымбат Айдынович Байтурсыновқа жүктелсін.

Балқаш қаласының әкімі

А. Аглиулин